

## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

01 қыркүйек 2023 ж. № 184

Теміртау қаласы

город Темиртау

### Тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына сәйкес (ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 жылғы №235 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып). ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 14 қаңтардағы 2021 жылғы №2 қаулысы, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 46 қосымшасы негізінде, «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ-нің 2021 жылғы 27 қаңтардағы «Қарағанды облысының жалпы орта білім беру ұйымдарының оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы» №94 бұйрығына, «Теміртау қ. білім бөлімі» ММ-нің 29.01.2021 жылғы №21 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021 жылғы 01 ақпаннан бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушылары және ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 1-11 сынып білім алушылары ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

2. 5-111 сынып жетекшілер көп балалы және аз қамтылған отбасы оқушыларын анықтап, тегін тамақтанушылар тізімі мен қажетті құжаттарды тапсырсын.

3. 2022 жылғы 5 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.